

Research paper / Оригинальная статья

<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2025-3-123-138>

MPHTI 06.52.13

JEL: E24, O15, R11



Population Engagement in Contemporary Economic Issues of the Country: Interregional Comparison

Aizhan T. Tleuberdinova^a, Aksana Zh. Panzabekova^a, Madina M. Khalitova^a, Arailym Sh. Suleimenova^{a*}

^a*Institute of Economics CS MSHE RK, 28 Shevchenko St., Almaty, Kazakhstan*

For citation: Tleuberdinova, A.T., Panzabekova, A.Zh., Khalitova, M.M. & Suleimenova, A.Sh. (2025). Population Engagement in Contemporary Economic Issues of the Country: Interregional Comparison. *Economy: strategy and practice*, 20 (3), 123-138, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2025-3-123-138>

ABSTRACT

The relevance of scientific interest in the problem of population participation in the economic processes of the country is determined by the recognition of the key role of human capital in ensuring the growth of national welfare. The purpose of the article is to substantiate the author's interpretation of the concept of "population involvement in the economic processes of the country" and to identify its impact on the level of economic well-being of citizens. The research uses general scientific (analysis, synthesis, generalization) and economic-statistical methods, including correlation analysis, index method and grouping method. Theoretical approaches to determining the essence of economic involvement are systematized, its key components are clarified, and indicators characterizing economic well-being are substantiated. The results showed a stable positive correlation between indicators of economic activity of the population and key indicators of well-being. A comparative analysis showed an increase in the integral index of well-being in most regions of the country: if in 2010 a low level was recorded in 12 of the 16 regions, then by 2023 a high level was reached in three regions (Astana, Almaty, Atyrau region), while noticeable regional disparities remain. The data obtained make it possible to assess the current socio-economic state of society and the effectiveness of government policy in this area. The developed theoretical provisions and methodological approaches can be used in further scientific research, and the collected information base can be used in shaping socio-economic policy at the regional level.

KEYWORDS: Economy, Economic Activity, Economic Growth, Welfare, Employment, Population, Region, Regional Strategy

CONFLICT OF INTEREST: the authors declare that there is no conflict of interest

FINANCIAL SUPPORT. This research was conducted under the grant funding IRN AR23485949: "Economic thinking, population's behavior in the context of doctrine's implementation to the new economic Kazakhstan's policy: factors, prerequisites and mechanism".

Article history:

Received 18 July 2025

Accepted 28 August 2025

Published 30 September 2025

* **Corresponding author: Suleimenova A.Sh.** – PhD student, Researcher, Institute of Economics CS MSHE RK, 28 Shevchenko St., Almaty, Kazakhstan, 87012933359, email: shaimuratovna@mail.ru

Ел экономикасының қазіргі мәселелеріне халықтың араласуы: өңіраралық салыстырым

Тлеубердинова А.Т.^а, Панзабекова А.Ж.^а, Халитова М.М.^а, Сүлейменова А.Ш.^{а*}

^аҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, көш. Шевченко 28, Алматы, Қазақстан

Дәйексөз үшін: Тлеубердинова А.Т., Панзабекова А.Ж., Халитова М.М., Сүлейменова А.Ш. (2025). Ел экономикасының қазіргі мәселелеріне халықтың араласуы: өңіраралық салыстырым. Экономика: стратегия және практика, 20 (3), 123-138, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2025-3-123-138>

ТҮЙІН

Халықтың елдің экономикалық процестеріне араласу проблемасына ғылыми қызығушылықтың өзектілігі ұлттық әл-ауқаттың өсуін қамтамасыз етудегі адами капиталдың шешуші рөлін мойындау арқылы анықталады. Бұл сондай-ақ тұрақты экономикалық өсу мен әлеуметтік тұрақтылыққа бағытталған тиімді әлеуметтік-экономикалық саясатты таңдау үшін азаматтардың экономикалық белсенділігін зерттеудің жоғары маңыздылығымен байланысты. Мақаланың мақсаты — «халықтың елдің экономикалық процестеріне араласуы» ұғымына авторлық көзқарасты негіздеу және оның азаматтардың экономикалық әл-ауқаты деңгейіне әсерін айқындау. Зерттеуде жалпығылыми (талдау, синтез, жинақтау) және экономикалық-статистикалық әдістер, соның ішінде корреляциялық талдау, индекс пен топтастыру әдістері пайдаланылды. Экономикалық араласудың мәнін айқындауға қатысты теориялық тәсілдер жүйеленді, оның негізгі құрамдас бөліктері нақтыланып, экономикалық әл-ауқатты сипаттайтын көрсеткіштер негізделді. Зерттеу нәтижелері халықтың экономикалық белсенділік көрсеткіштері мен әл-ауқаттың негізгі индикаторлары арасында тұрақты оң корреляция бар екенін көрсетті. Салыстырмалы талдау елдің көптеген өңірлерінде әл-ауқаттың интегралдық индексінің артқанын айқындады: егер 2010 жылы 16 өңірдің 12-сінде төмен деңгей тіркелсе, 2023 жылға қарай үш өңірде (Астана, Алматы, Атырау облысы) жоғары деңгейге қол жеткізілді, сонымен бірге өңірлік диспропорциялар сақталып отыр. Алынған мәліметтер қоғамның ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайын және осы саладағы мемлекеттік саясаттың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді. Әзірленген теориялық ережелер мен әдістемелік тәсілдерді одан әрі ғылыми зерттеулерде, ал жиналған ақпараттық базаны — өңірлер деңгейінде әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастыру кезінде пайдалануға болады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: экономика, экономикалық белсенділік, экономикалық өсу, әл-ауқат, жұмыспен қамту, халық, аймақ, аймақтық стратегия

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ: авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ. Зерттеу Гранттық қаржыландыру ЖТН АР23485949 «Қазақстанның жаңа экономикалық саясатының доктринасын жүзеге асыру жағдайындағы халықтың экономикалық ойлауы мен мінез-құлқы: факторлары, алғышарттары және механизмдері» шеңберінде әзірленген.

Мақала тарихы:

Редакцияға түсті 18 Шілде 2025

Жариялау туралы шешім қабылданды 28 Тамыз 2025

Жарияланды 30 Қыркүйек 2025

* **Хат-хабаршы авторы:** Сүлейменова А.Ш. — PhD докторант, ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, көш. Шевченко 28, Алматы, Қазақстан, 87012933359, email: shaimuratovna@mail.ru

КІРІСПЕ

Әлеуметтік-экономикалық ортаның қарқынды өзгеруі жағдайында халықтың өз мінез-құлқын жаңа шынайылықтарға қалай бейімдейтініне деген қызығушылық арта түсуде. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық ортаның қарқынды өзгеруі жағдайында халықтың жаңа шындыққа бейімделу жолдарын зерттеуге деген қызығушылық артуда. Экономикалық мінез-құлықтың бағыттары мен динамикасын, сондай-ақ оны реттеу тетіктерін зерттеу айрықша мәнге ие. Мұндай тәсіл мемлекеттік қолдауды күтуге негізделген патерналистік модельден бастама мен өзіндік дамуға бағдарланған белсенді модельге көшуге мүмкіндік береді.

Заманауи экономикалық әдебиеттер халықтың экономикалық мінез-құлқын зерттеуде, әсіресе азаматтардың елдің экономикалық міндеттерін шешуге араласу аспектісінде, әдіснамалық қайшылықтардың бар екенін көрсетеді. Бірыңғай әдістемелік тәсілдердің болмауы «экономикалық араласу» категориясын түсіндіруде әркелкілікті тудырады, ол көбінесе зерттеу контекстіне байланысты әртүрлі интерпретацияланады. Қолданыстағы ғылыми парадигмалар араласудың түрлі үлгілерін ұсынады, алайда ең кең тарағаны - оны азаматтардың экономикалық белсенділігімен – ең алдымен еңбек және кәсіпкерлік қызметке қатысу арқылы – теңестіреді.

Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің сақталуы жағдайында мемлекеттің қолдауымен қатар, азаматтардың өз әл-ауқаты үшін жеке жауапкершілігін арттыру да маңызды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев Алматы қаласындағы сөзінде «жауапкершілікті мемлекетке немесе қоғамға артып қоюға жол берілмейтінін» атап өтті (Тоқаев, 2022).

Бұл зерттеу экономикалық араласу ұғымына қатысты бар теориялық тәсілдерді жалпылауға және оның мазмұнына авторлық тұжырымдаманы ұсынуға бағытталған. Ұсынылған көзқарас халықтың экономикалық мінез-құлқын талдау саласындағы әрі қарайғы зерттеулерге негіз бола алады.

Зерттеудің мақсаты — «халықтың елдің экономикалық процестеріне араласуы» ұғымын авторлық тұрғыдан негіздеу және оның азаматтардың экономикалық әл-ауқаты деңгейіне әсерін анықтау.

Зерттеу гипотезасы: халықтың экономикалық араласу көрсеткіштері мен оның әл-ауқаты деңгейі арасында тұрақты оң байланыс бар деп болжануда.

Мақсатқа жету үшін жалпығылыми әдістер (талдау, синтез, жинақтау) және экономикалық-статистикалық құралдар: корреляциялық талдау, индекс әдісі және топтастыру әдісі қолданылды. Ақпараттық база ретінде отандық және шетелдік авторлардың ғылыми жарияланымдары, Қазақстанның ресми дереккөздері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылды.

Әдебиеттерді шолу нәтижесінде «халықтың экономикалық араласуы» категориясының авторлық анықтамасы ұсынылды, оның қалыптасуының теориялық моделі құрылды және реттеуші функциясы ашылды. Корреляциялық талдау көмегімен экономикалық араласу көрсеткіштері мен әл-ауқат деңгейі арасындағы байланыстардың күші мен бағыты (Пирсон коэффициенті негізінде) бағаланды. Салыстырмалы өңірлік талдау араласу коэффициенттерін және оларды топтастырылуын қолдана отырып жүзеге асырылды. Интегралдық әл-ауқат көрсеткішін есептеу үшін корреляция нәтижелері бойынша ең маңызды әлеуметтік-экономикалық индикаторлар нормалау қолданылды. Қорытынды кезең Қазақстан өңірлері бойынша экономикалық араласу және әл-ауқат деңгейлері салыстырылды.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Араласу феноменінің пайда болуы, әдетте, еңбектің жоғары тиімділігіне сұраныстың артуымен және адамдардың өз уақытын мен күш-жігерін әлеуметтік маңызды процестерге тұрақты бақылау мен мәжбүрлеусіз ерікті түрде жұмсауға деген ұмтылысымен байланыстырылады.

Бастапқыда «араласу» термині негізінен персоналды басқару контекстінде қолданылды, бұл ұйымдардың кірісінің өсуімен, еңбек өнімділігінің жоғарылауымен және айналымның төмендеуімен байланысты болды. Қызметкерлердің араласу тұжырымдамасы жалпы сапа менеджменті (TQM) қағидаттарының және ISO 9000 сияқты халықаралық сапа менеджменті стандарттарының енгізілуімен қатар қалыптасты. Аталған тұжырымдаманың кеңінен таралуына қарамастан, қызметкерлердің араласуы әлі де дамудың бастапқы кезеңінде тұрған салыстырмалы түрде жаңа басқарушылық технология болып табылады. Алайда қазіргі зерттеулер бұл ұғымды кеңейтіп,

оның әлеуметтік-экономикалық кең ауқымды контекстегі маңыздылығын айқындады: араласу деңгейі жоғары адам қабылданған шешімдер үшін жеке жауапкершілігін сезінеді және туындаған қиындықтарды жеңуге күш салуға дайын.

Ресейлік ғалымдар Ключко В.Е., Галажинский Э.В. және басқалардың пайымдауынша, ашық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе болып табылатын адам айқын бағдарлар, мақсаттар мен оларды жүзеге асыру өлшемдері жоқ ортада да тиімді өмірлік қызметті дербес жүзеге асыра алады. Өмірлік кеңістіктің күрделенуі адамның егеменділігін, яғни жаңа өзгерістерге даярлығын қамтамасыз етіп, оны өмірсүрудің шынайы субъектісіне айналдыруға мүмкіндік береді (Klochko et al., 2015).

Мұндай көзқарас, бір жағынан, адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттестігі мен үздіксіз тұлғалық дамуы арқылы оның араласуын талдауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, дәл өзін-өзі ұйымдастыру тиімді өмірлік қызметтің негізгі тетігі әрі қажетті шартына айналады.

Қазіргі уақытта халықтың қоғам және өңірлік экономика мәселелеріне араласу мәселесіне арналған зерттеулер жеткіліксіз деңгейде. Негізінен бұл зерттеулер әлеуметтік тұрғыда осал топтардың еңбек белсенділігін сақтауға бағытталған (Sharma, 2022; Brauner - Otto et al., 2023).

Ресейлік зерттеушілер (Pavlova et al., 2020) араласуды институционалдық жағдайлардың, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың, сондай-ақ адамның белсенділігі мен автономиясына, оның ішінде еңбек саласында ықпал ететін физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық жағдайдың жиынтығы ретінде қарастырады. Олардың жүйелі тәсілі мен араласудың ресурстық моделіне сүйене отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуға араласуын еңбек және кәсіпкерлік қызмет арқылы қоғамдық процестерге белсенді үлес ретінде түсіндіруге болады.

Қазіргі кезде елдегі халықтың экономикалық белсенділігіне байланысты мәселелер (өңірлер бойынша экономикалық белсенділіктің біркелкі еместігі, ауылдық жерлерде экономикалық белсенділіктің төмендігі, бейресми жұмыспен қамтудың өсуі, жоғары жалақылы жұмыс орындарының тапшылығы, жұмыс күшінің мобильділігінің төмендігі және кәсіпкерлік бастамалардың жеткіліксіз дамуы) дер кезінде шешімдерді іздеуді талап етеді. Мұндай шешімдер ел тұрғындарының әл-ауқатын арттырумен қатар, олардың өз өмірлік қызметіне

қатысты жауапкершілігі мен дербестігін арттыруға, сондай-ақ масылдық көзқарасты төмендетуге бағытталуы тиіс.

Халықтың экономикалық араласуы экономикалық мінез-құлықтың көрінісі болып табылады және соның нәтижесінде әл-ауқат деңгейіне әсер етеді. Бұл әсерді білу тиімді экономикалық саясатты құру үшін маңызды. Сонымен қатар, әл-ауқат ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру ретінде ғана емес, сонымен қатар тұрақты дамуды қамтамасыз ету ретінде де түсіндіріледі, сондықтан ол мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басты назарында болады (Rakhimzhanova et al., 2022).

Азаматтардың әл-ауқат деңгейін арттыру – барлық мемлекеттердің стратегиялық мақсаты болып табылады. Бұл саладағы жоғары көрсеткіштер тиімді әрі ұтымды экономикалық саясаттың дәлелі ретінде қарастырылады. Әл-ауқаттың өсуі тек қана ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруды емес, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық ресурстарға негізделген орнықты дамуды қамтамасыз етуді де білдіреді. Бұл, әсіресе экологиялық сын-қатерлер мен табиғи ресурстардың қысқаруы жағдайында ерекше өзектілікке ие (Akimbekova & Dosumova, 2019).

Әл-ауқатты зерттеу тәсілдерінің әртүрлілігі оның интерпретацияларының көптігімен түсіндіріледі. Кейбір авторлар оны ресурстарды тиімді бөлумен байланыстырады (Akimbekova & Dosumova, 2019), басқалары экономикалық, әлеуметтік және институционалдық факторларды үйлестірумен байланыстырады (Sauranbaj et al., 2023).

Жаппай тұтыну концепциялары жеке және қоғамдық әл-ауқаттың өсуі арасындағы өзара байланысының ерекшелігін атап көрсетсе, баламалы көзқарастар индивид пен қоғам мүдделерінің алшақтығын және байлықты бөлу ісінде мемлекеттік реттеудің қажеттілігін алға тартады (Nayden & Belousova, 2018). Экономикалық әл-ауқаттың әртүрлі анықтамалары бар. Зерттеушілердің көбісі әл-ауқатты – халықтың әртүрлі салалардағы қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін көрсететін көпқырлы категория екендігімен келіседі (Artemova et al., 2022). Мәселен, Мартынова И. оны халықтың қажетті материалдық және рухани игіліктермен, яғни белгілі бір адам қажеттіліктерді қанағаттандыратын заттармен, қызметтермен және жағдайлармен қамтамасыз етілуі ретінде түсіндіреді. Бұл түсінік өмір сүру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер жүй-

есі арқылы өлшенеді, олардың қатарында: табыстарды бөлу деңгейі, кедейлік деңгейі, өмір сапасы, жұмыспен қамту деңгейі, білім мен денсаулық көрсеткіштері бар (Martynova, 2011). Бутова Л.М. да осындай пікірде (Butova, 2006). Бірқатар авторлар әл-ауқатты табысқа тәуелді өмір сүру деңгейі мен сапасының көрсеткіші ретінде қарастырады (Santalova, 2016; Tsimbalist, 2008). Мысалы, Нестерова О.А. мен Пожарницкая О.В. «әл-ауқат» пен «өмір сапасы» ұғымдарын теңестіріп, оны бағалау үшін үш компонентті бөліп көрсетеді: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік (Nesterova & Pozharnitskaya, 2018).

Артемова О.В. және басқалары әл-ауқатты теориялық тұрғыдан – материалдық, әлеуметтік және рухани игіліктермен қамтамасыз ету ретінде; әдіснамалық тұрғыдан – нормаланған статистикалық деректер негізінде интегралды көрсеткішті есептеу ретінде; ал қолданбалы аспектісінде – өңіраралық салыстыруларда қарастырады (Artemova et al., 2022).

Шетелдік әдебиеттерде әл-ауқат (well-being) материалдық (табыс, тұтыну) және материалдық емес аспектілерді (денсаулық, білім, таңдау еркіндігі, өмір сапасын субъективті қабылдау) қамтитын көп өлшемді категория ретінде түсіндіреді (Helliwell et al., 2023; Jarden & Roache, 2023).

Әл-ауқат теориясы саласындағы ең ықпалды авторлардың бірі – А. Сен. Ол мүмкіндіктер тәсілі (capability approach) аясында шынайы әл-ауқат материалдық ресурстардың көлемімен емес, адамның өзінің өмірлік мақсаттары мен әлеуетін жүзеге асыру қабілетімен айқындалады деп тұжырымдайды (Sen, 2004). Әл-ауқатты анықтаудың заманауи шетелдік тәсілдері оның көпөлшемді сипатына негізделеді. Бұл тұрғыда олар объективті көрсеткіштердің (табыстар, денсаулық, білім) (Helliwell et al., 2023; Stiglitz et al., 2009; OECD, 2013), сондай-ақ субъективті бағалаулардың (өмірге қанағаттану, қауіпсіздікті сезіну, өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктері) маңыздылығын атап көрсетеді. Мұндай көзқарас халықтың нақты өмір сүру деңгейін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми ортада өмір сүру деңгейі мен әл-ауқаттағы өңіраралық айырмашылықтарды бағалау тақырыбы кеңінен зерттелуде. Өңірлердің экономикалық дамуындағы теңсіздіктің артуы әлеуметтік және аумақтық тепе-теңдікті бұзып, өмір сапасы бойынша дифференциацияны арттырады және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді ушықтырады. Халықтың әл-ауқат деңгейі әлеуметтік-

экономикалық жүйенің жай-күйінің негізгі индикаторы болып табылады және ол аймақтық та, ұлттық та деңгейде маңызды мәнге ие. Әл-ауқат әлеуметтік және экономикалық саясаттың маңызды элементі болғандықтан, оны өлшеуде эконометриялық әдістерді және көпөлшемді классификацияны қолдану өзекті болып саналады (Karlun, 2015). Мәселен, Ротарь Т.С. әл-ауқатты айқындауда халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары мен жұмыскерлердің орташа атаулы жалақысын бағалауға енгізген (Rotary, 2019). Войкина Е.А. және т.б. халық әл-ауқатының негізгі көрсеткіші ретінде медиандық табысты (медиандық жалақыны) анықтайды (Voikina & Mirgorod, 2020). Ал Г.Т. Самиеваның пікірінше, ел халқының әл-ауқаты жалпы ішкі өнімнің мөлшері мен құрылымымен, сондай-ақ тұтынушылық шығындардың көлемі мен құрылымымен анықталады (Samieva, 2024).

Әл-ауқат индексін есептеудің ерекше қызықты әдістемесі Ресейдің РОМИР Адам институты тарапынан ұсынылған. Олардың тәсілі бойынша, халықты әл-ауқат санаттарына жіктеу үй шаруашылықтарының азық-түлікке жұмсайтын шығындарының олардың жалпы шығындар құрылымындағы үлесін есептеу негізінде жүргізіледі (Welfare Index, 2023).

«Әл-ауқат» ұғымының көпқырлылығы оны бағалауда қолданылатын көрсеткіштердің едәуір санын қалыптастырды. Халық әл-ауқатына берілетін бағалар ресми статистикада да, сараптамалық қауымдастықтарда да елеулі айырмашылықтарға ие. Мұндай алшақтық тек нақты әртектіліктің салдары ғана емес, сонымен қатар есептеу әдістемелерінің айырмашылығымен де түсіндіріледі. Бұл жағдай аймақтардағы объективті ахуалды бұрмалап, нәтижелерді әрқалай көрсетуге мүмкіндік береді.

Экономикалық әл-ауқаттың ең маңызды критерийлері: жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), үй шаруашылықтарының табыстары мен шығындары, жалақы, несиелендіру деңгейі және жинақ. ЖӨӨ неғұрлым жоғары болса, қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері соғұрлым көп болады, бұл өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатына тікелей әсер етеді (Grzega, 2018; Berdimurat et al., 2024).

Үй шаруашылықтарының табыстары олардың экономикалық тұрақтылығын, тұтынушылық мінез-құлқын және үнемдеуге бейімділігін анықтайды (Beglova et al., 2017; Alam, et al., 2020). Сондықтан олардың деңгейіне әсер ететін факторларды зерттеу көбінесе эмпи-

рикалық зерттеулердің объектісі болып табылады (Guo & Wang, 2024; Khussainova et al., 2024; Ashirbekova et al., 2023). Шығындар құрылымы да маңызды: мысалы, басқа санаттар төмендеген кезде азық-түлік шығындарының үлесінің өсуі өмір сүру деңгейінің төмендеуін көрсетеді.

Халықты несиелендіру - қаржы ресурстарының қолжетімділігін көрсететін тағы бір маңызды индикатор. Оның деңгейі жұмыспен қамту мен табысқа байланысты, бұл экономикалық белсенділік пен әл-ауқат арасындағы байланысты растайды (Rahman et al., 2020). Жинақ бюджеттің тұрақтылығының негізін құра отырып, үй шаруашылықтарының өзгеретін экономикалық жағдайларға бейімделуіне ықпал етеді. Зерттеулер нақты табыс пен жинақ деңгейі арасындағы жоғары корреляцияны көрсетеді (Nkomo & Adanlawo, 2023).

Халықтың экономикалық араласуы демографиялық мінез-құлыққа да әсер етеді: табыс деңгейі некеге тұру және бала туу туралы шешімдерге әсер етеді, яғни демографиялық дамудың негізгі көрсеткіштері (Damota, 2015).

Осылайша, халықтың әл-ауқат деңгейі өңір мен жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің жағдайының маңызды индикаторы және экономикалық араласу деңгейімен тығыз байланысты. Осы екі көрсеткіш арасындағы

диспропорциялар әлеуметтік-аумақтық тепе-теңдікті бұзады, өмір сапасының дифференциациясын күшейтеді және әлеуметтік шиеленісті тудыруы мүмкін.

Әдебиеттерге шолу елдің экономикасы контекстіндегі халықтың экономикалық араласуын талдау мәселелері жеткілікті зерттелмегенін көрсетті. Қазақстан халқының экономикалық араласуының өңірлер бөлінісіндегі әл-ауқат деңгейіне әсерін салыстырмалы талдауға арналған зерттеулердің тапшылығы айқын. Осы кемшілік бұл зерттеудің тақырыбын тандауға себеп болды.

ӘДІСТЕМЕ

Зерттеудің теориялық негізін экономикалық белсенділіктің базасы ретінде экономикалық мінез-құлық пен іс-әрекетке, еңбек және кәсіпкерлік мінез-құлыққа, жұмыспен қамту теориялары мен әл-ауқат теориясына, кәсіпкерліктің тұжырымдамасы мен теорияларына қатысты отандық және шетелдік экономист ғалымдардың ғылыми еңбектері құрады.

Зерттеу 1-суретте көрсетілген алгоритм бойынша жүргізілді.



Сурет 1. Зерттеу алгоритмі
Figure 1. Research algorithm

Зерттеуде статистикалық және салыстырмалы-талдамалық әдістерді біріктіретін кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Теориялық әдістер қолданыстағы ғылыми бағыттарды құрылымдауға және зерттеудің талдамалық шеңберін орнатуға мүмкіндік берді. Эмпирикалық және статистикалық әдістер теориялық қағидаларды верификациялауды қамтамасыз етіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық процестерге араласуындағы өңіраралық айырмашылықтарды анықтауға жол ашты.

Талдау барысында жалпығылыми әдістер қолданылды: ғылыми дереккөздерді жүйелеу және жіктеу әдісі, бұл халықтың араласуын және оның әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін зерттеудің негізгі тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді. Әр түрлі теориялық тұжырымдамаларды салыстыруды, сондай-ақ қоғам мен экономиканың өзара әрекеттесуі туралы ғылыми көзқарастардың эволюциясын анықтауды қамтамасыз ететін салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды. Ғылыми әдебиеттер мен бағдарламалық құжаттарды контент-талдау әдісі пікірталастардың негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге және халықтың экономикалық мәселелерге араласуына әсер ететін факторларды анықтауға, олардың өзара тәуелділігінің мәнін ашатын «экономикалық араласу», «халықтың экономикалық белсенділігі», «экономикалық әл-ауқат» сияқты категориялардың мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-талдамалық әдіс халықтың экономикалық процестерге араласу деңгейіндегі өңіраралық айырмашылықтарды айқындау үшін пайдаланылды.

Зерттелетін құбылыстың теориялық негіздемесін қамтамасыз етіп, халықтың елдегі экономикалық мәселелерге араласуы мен олардың әл-ауқат көрсеткіштеріне әсерін анықтауға және өңіраралық салыстыру жүргізуге мүмкіндік берген логикалық және құрылымдық-функционалдық талдау қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін көрнекі түрде көрсету үшін «халықтың экономикалық араласу» ұғымының мазмұнын авторлық көзқарасты қысқаша ұсынуға және оның реттеуші функциясын көрсетуге мүмкіндік беретін графикалық әдіс қолданылды.

Экономикалық-статистикалық әдістер

Эконометрикалық талдаудың заманауи әдістерін, атап айтқанда корреляциялық талдау аппаратын, сондай-ақ индекстік әдіс пен топтастыру әдісін қолдану өңіраралық айырмашылықтардың объективті

зандылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Корреляциялық талдау SPSS бағдарламасын қолдана отырып, араласу деңгейі мен негізгі әлеуметтік-экономикалық факторлар арасындағы байланысты анықтау үшін қолданылды (1):

$$r_{xy} = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 * \sum(y_i - \bar{y})^2}}, \quad (1)$$

мұндағы:

- X айнымалысының мәндері;
- Y айнымалысының мәндері;
- X айнымалысының арифметикалық орташа мәні;
- Y айнымалысының арифметикалық орташа мәні.

Елдің экономикалық мәселелеріне халықтың араласу коэффициенттері Қазақстан облыстарының экономикалық белсенділік көрсеткіштері негізінде мына формула (2) бойынша есептелді:

$$K_{\text{эа}} = \frac{1}{n} * \sum_{i=1}^i \frac{\text{ЭБД}_{\text{фи}}}{\text{ЭБД}_{\text{орті}}} \quad (2)$$

мұндағы:

- i-көрсеткіш бойынша фактілік экономикалық белсенділік деңгейі;
- экономикалық белсенділіктің i-ші көрсеткішінің орташа республикалық деңгейі;
- n – экономикалық белсенділікке енгізілген көрсеткіштер саны.

Индекстік әдіс әлеуметтік-экономикалық индикаторлардың жиынтығына негізделген өңірлердегі халықтың әл-ауқатының интегралды көрсеткішін есептеуге мүмкіндік берді (жан басына шаққандағы ЖӨӨ; халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстары; орташа номиналды жалақы; тұтынуға пайдаланылған үй шаруашылықтарының табыстары; банктердегі жеке тұлғалардың салымдары).

Ел өңірлеріндегі халықтың әл ауқатының интегралды индекстерін есептеу үшін келесі формулалар (3) және (4) қолданылды:

$$I_{\text{инт}} = \frac{\sum_{j=1}^n X_j}{n} \quad (3)$$

$$X_j = \frac{x_i - x_{i \min}}{x_{i \max} - x_{i \min}} \quad (4)$$

мұндағы $I_{\text{инт}}$ – өңірлердегі халықтың әл-ауқатының интегралды индексі;

n – талданатын көрсеткіштер саны;
 X_j – белгілі бір жылдың елдің кез келген өңірі үшін талданатын i -ші көрсеткіштің нормаланған мәні;

x_i – статистикалық көрсеткіш;
 $x_{i, \max}, x_{i, \min}$ – тиісінше зерттелетін уақыт кезеңінде еліміздің барлық өңірлері арасында i -ші көрсеткіштің ең жоғары және ең төмен мәні.

Өңірлерді халықтың экономикалық араласу коэффициенттерінің деңгейлері және халықтың әл-ауқатының интегралдық индекстерінің деңгейлері бойынша топтастыру тең интервалдар шамасының формуласы (4) негізінде жүргізілді:

$$i = (X_{\max} - X_{\min}) / n \quad (4)$$

Мұндағы, i – интервал шамасы;

– жиынтықтағы белгінің максималды мәні;
 – жиынтықтағы белгінің минималды мәні;
 – топтардың саны.

Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2010-2023 жылдарға арналған ресми статистикалық материалдары құрады.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Жүргізілген теориялық шолудың нәтижесінде халықтың елдің экономикалық мәселелеріне араласу процесінің және оның халықтың әл-ауқатына әсер етуінің теориялық моделі әзірленді, сондай-ақ халықтың экономикалық әл-ауқатына экономикалық қатысу деңгейінің ықпалын бағалау үшін интегралды индекс әдісін қолданудың қажеттілігі анықталды (1-сурет).



Сурет 2. Халықтың экономикалық араласуын және оның реттеуші қызметін қалыптастырудың теориялық моделі

Figure 2. Theoretical model of the formation of economic intervention of the population and its regulatory activities

Ескерту: дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған Pavlova et al. (2020); Rakhimzhanova et al. (2022);

Akimbekova & Dosumova, (2019); Sauranbaj et al. (2023)

Отандық және шетелдік зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, халықтың экономикалық мәселелерге араласу деңгейін

келесі экономикалық белсенділік индикаторлары арқылы анықтауға болатыны дәлелденді:

- жұмыспен қамтылған халық саны (ЖҚХ);
- экономикалық белсенді халық саны (ЭБХ);
- шағын кәсіпорындар саны (ШКС);

- жеке кәсіпкерлер саны (ЖКС).

Теориялық модельге сәйкес, халықтың экономикалық әл-ауқатын бағалау үшін енгізілетін көрсеткіштерді нақтылау мақсатында қолданыстағы әдістемелік тәсілдерде жиі қолданылатын, сондай-ақ авторлардың пікірінше, ресми статистикалық деректердің қолжетімділігін ескере отырып, қазақстандықтардың экономикалық әл-ауқат деңгейін анағұрлым толық сипаттайтын бірқатар индикаторлар іріктелді. Іріктелген көрсеткіштер тізіміне келесілер кірді:

- жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (жбш ЖӨӨ);
- халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысы (ОАТ);
- номиналды жалақы деңгейі (НЖД);

- үй шаруашылықтарының тұтынуға жұмсалатын табыстары (ҮШТЖТ);

- тұтыну шығындарының жалпы құрылымындағы азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығындардың үлесі (АТТЖШ);

- халықтың қарыздық жүктеме деңгейі (ХҚЖ);

- жеке тұлғалардың банктердегі салымдары (ЖТБС);

- тіркелген некелер саны (ТНС);

- туылғандар саны (ТС).

Жүргізілген корреляциялық талдау халықтың экономикалық араласу индикаторларының арасындағы күшті өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл байланыстар корреляция коэффициенттерінің модульдерінің жоғары деңгейімен және «Sig. <0,05» талаптарына сәйкес келетін статистикалық маңыздылық көрсеткіштерімен расталды (1-кесте).

Кесте 1. Халықтың экономикалық араласу көрсеткіштерінің өзара тәуелділігі

Table 1. Interdependence of indicators of economic intervention of the population

Көрсеткіштер		ЖҚХ	ЭБХ	ШКС	ЖКС
ЖҚХ	Pearson Correlation	1	0,999**	0,949**	0,727**
	Sig. (2-tailed)		0,000	0,000	0,002
ЭБХ	Pearson Correlation	0,999**	1	0,943**	0,716**
	Sig. (2-tailed)	0,000		0,000	0,003
ШКС	Pearson Correlation	0,949**	0,943**	1	0,637*
	Sig. (2-tailed)	0,000	0,000		0,011
ЖКС	Pearson Correlation	0,727**	0,716**	0,637*	1
	Sig. (2-tailed)	0,002	0,003	0,011	

** . Корреляция 0,01 (екі жақты) деңгейінде маңызды

* . Корреляция 0,05 (екі жақты) деңгейінде маңызды

Ескерту: SPSS негізінде авторлармен құрастырған

2-кестенің деректері экономикалық белсенділік индикаторларының халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерімен айтарлықтай корреляциясын көрсетеді, бұл халықтың ел-

дің экономикалық мәселелеріне халықтың әл-ауқатының көрсеткіштеріне араласуының әсерін растайды.

Кесте 2. Халықтың экономикалық араласу көрсеткіштерінің әл-ауқат көрсеткіштерімен корреляциялық тәуелділігі

Table 2. Correlation dependence of indicators of economic intervention of the population with indicators of well-being

Көрсеткіштер		жбш ЖӨӨ	ОАТ	НЖД	ҮШТЖТ	АТТЖШ	ХҚЖ	ЖТБС	ТНС	ТС
ЖҚХ	Pearson Correlation	0,950**	0,932**	0,921**	0,947**	0,835**	0,743**	0,948**	-0,732**	0,541*
	Sig. (2-tailed)	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,002	0,000	0,002	0,046
ЭБХ	Pearson Correlation	0,952**	0,938**	0,929**	0,950**	0,827**	0,762**	0,947**	-0,728**	0,523*
	Sig. (2-tailed)	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,002	0,000	0,002	0,05

ШКС	Pearson Correlation	0,975**	0,960**	0,942**	0,974**	0,916**	0,751**	0,965**	-0,873**	0,640*
	Sig. (2-tailed)	0,000	0,000	0,000	0,000	0,000	0,002	0,000	0,000	0,014
ЖКС	Pearson Correlation	0,531*	0,518*	0,514*	0,543*	0,361	0,326	0,653**	-0,426	0,391
	Sig. (2-tailed)	0,050	0,050	0,050	0,000	0,204	0,256	0,008	0,114	0,167
**. Корреляция 0,01 (екі жақты) деңгейінде маңызды										
*. Корреляция 0,05 (екі жақты) деңгейінде маңызды										

Ескерту: SPSS негізінде авторлармен құрастырған

